

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Талас ауданының білім бөлімінің «Балауса» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны»**

Майтөбе ауылы

11.03.2026 жыл

Бұйрық №21/1

«Сенім жәшігін» ашу және оны жүргізу туралы

«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі №169-VI Заңын басшылыққа алып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ата-аналар мен бөбекжай-бақша қызметкерлері арасында туындайтын түрлі келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында арыз-шағымдарын, талап-тілектерін және ұсыныстарын білдіретін «Сенім жәшігі» орнатылсын.

2. «Сенім жәшігін» арнайы бөбекжай-бақша дәлізіне орналастыру және оның жұмысын жүргізу жауапкершілігі бөбекжай-бақша педагог-психологы З. Ережепбаева міндеттелсін.

3. «Сенім жәшігіне» келіп түскен хаттарды арнайы қарап, оларды журналға тіркеп, шешім қабылдау үшін төмендегідей құрамда комиссия құрылсын:

3.1. Г.Т.Азимбаева – меңгеруші, комиссия төрайымы;

3.2. З.Ережепбаева – педагог-психолог;

3.3. З.Бердиярова – бөбекжай-бақшасының қамқоршылық кеңес төрағасы;

3.4. Э.Полатова – ата-аналар комитетінің төрағасы;

3.5. Д.Аманова – тәрбиеші комиссия мүшесі;

3.6. И.Калмашова – тәрбиеші, комиссия хатшысы;

4. «Сенім жәшігіне» келіп түскен материалдарды ашып тіркеу, әр айдың төртінші аптасында, сәрсенбі күні сағат 11⁰⁰ де жүргізілсін. Ашылған хаттардың қорытындысы бойынша хаттама толтыру педагог-психолог З.Ережепбаеваға жүктелсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау бөбекжай-бақша педагог-психологы З. Ережепбаеваға жүктелсін.

Негізі: өндірістік қажеттілік

Бөбекжай-бақшасының меңгерушісі:



Г.Азимбаева

Таныстым З.Ережепбаева